

Obaeva Gulnara Saduakasovna'nın
"Gabit Musirepov'un kurgu eserlerinde folklorik motifler"
konulu tez çalışması için 6D020500–Filoloji uzmanlığında Felsefe Doktoru
(Doktora) derecesi için hazırlandı
Yurt dışı danışman

GÖRÜŞ

Savunmaya sunulan araştırma çalışması, Kazak edebiyatı klasiği yazar Gabit Musirepov'un kurgu eserlerindeki folklor motiflerinin, folklor ve yazılı edebiyat arasındaki bağlantı sorunlarının teorik yönleri çerçevesinde tanımlanmasına adanmıştır.

Edebiyat ve folklor arasındaki bağlantı derin ve çok yönlüdür. Halk sanatı olarak folklor, yazarlar için ilham kaynağı olarak kabul edilir. Birçok edebi eser, olay örgüsünü, motiflerini, imgelerini, sembollerini folklorlardan ödünç alır. Genellikle kurgu, halk masallarının, efsanelerin, mitlerin veya baladların bir yorumu veya modernizasyonudur. Edebiyat, sırayla, folklorik mirasın koruyucusu, taşıyıcısı olarak hareket eder, halk gelenek ve göreneklerini sürdürmeyi mümkün kılar. Edebiyatta, farklı tür ve dönemlerin eserlerine nüfuz eden popüler bilgeliğin, dünya görüşünün ve kültürün ifadesini sıklıkla görebilirsiniz. Bu nedenle edebiyat ve folklorun ilişkisi, geçmiş ve şimdiki bireysel ve kolektif yaratıcılığın bir diyalog biçimidir. Birbirlerini tamamlarlar, kültürel çevremizi zenginleştirirler ve insanların tarihini ve manevi değerlerini anlamamıza yardımcı olurlar.

Edebiyatın farklı dönemlerde folklorla dönüşmesinin kendine özgü, karmaşık, tarihsel olarak şartlandırılmış modellerinin açıklanması, modern bilimin en önemli görevlerinden biri olarak kabul edilir. Önemli görevlerden biri, bu bağlantının gelişiminin dinamiklerini belirlemek, Kazak edebiyatının gelişiminin her aşamasında yazarların folklorizminin gerçek içeriğini incelemektir.

Profesyonel yazılı edebiyatın oluştuğu ilk yıllardaki nesrin popüler temeli, folklor kaynaklarıyla yakın temas halindeydi. Yazarlar, halk sanatının demokratik motiflerini yaygın olarak kullandılar, her şeyden önce, halkın asırlık hayallerini yansıtan keskin bir sosyal fikirle dolu konulara yöneldiler. Bu sorunun bir parçası olarak, modern edebiyat biliminde son zamanlarda sistemik araştırmalar yapılmakta ve bilimin bağımsız bir dalının acil bir konusu olarak, önemi hiçbir durumda azalmayan gündemden bir araştırma nesnesi oluşturulmuştur.

Nihayetinde folklor, yalnızca insanlığı birleştiren bir kültürel bütünlük sistemi değil, aynı zamanda etnik özellikleri, tüm insanların dünya görüşünü belirleyen felsefi-insani bir olgudur. Ve gelenek onun özgünlüğüdür, kuşaktan kuşağa, esas olarak sözlü olarak aktarılan sanatsal deneyimdir. Edebi gelenek kavramı temelde folklor kavramından farklıdır: edebiyat araştırmasında metnin poetikası, folklorlarda ise geleneğin poetikası vardır. Bu nedenle folklor geleneğini anlatan edebi kurgu eseri, iki tür bilinç, iki kültür, iki şiir arasında yakın ve yoğun bir etkileşim alanı haline gelir.



Obayev'in doktora öğrencisi Gulnara Saduakasovna, tez çalışmasında teorik olarak bu iki sanatsal sistemin etkileşiminin tarih yazımını belirledi ve edebiyat bilimi kalıpları çerçevesinde, Kazak edebiyatı klasiği Gabit Mahmutovich Musirepov'un edebi eserlerinin şiirsel yapısındaki folklor örneklerinin dönüşümünün özünü değerlendirdi.

Çalışmanın bir parçası olarak, mitolojik, masal, epik gibi çeşitli folklorik motifler incelenmiş. Folklorik motiflerin kullanımındaki genel eğilimleri ve bunların kültürel miras üzerindeki etkilerini belirlemek amacıyla yazar, düzyazı ve dramatik eserleri analiz etmiş ve konuyu kapsamlı bir şekilde açıklamıştır.

Tezdeki bilimsel yargılar ve sonuçlar, yazılı literatürde folklorizm çalışmasının önemini, modern edebiyat biliminde gündemden çıkmayan bir alaka düzeyini ortaya koymaktadır. Bu bağlamda, yazarın biyografisini, kişisel arşivini inceleyerek, onunla ilgili araştırmaların içeriğini inceleyerek, yazarın ustalığının kaynağı olan kaynağın, halk edebiyatı geleneklerine derinden nüfuz ettiği kanıtlanmıştır.

G. Musirepov'un eserlerindeki folklorik motiflerin incelenmesi, Kazakistan'ın kültürel mirasının korunması ve incelenmesi bağlamında da büyük önem taşımaktadır.

Araştırma çalışmaları çok alakalı, anlamlı, çağdaş bir konuya ayrılmıştır. Çalışmanın alaka düzeyinin nedenleri aşağıdaki gibidir:

1. Folklorizm kavramı tarih yazımını sistematize eder ve Kazak edebiyat bilimindeki folklor türlerinin ve edebi bağlantıların G. Musirepov'un kurgu eserlerinde uygulanmasını belirler.

2. G. Musirepov'un yaratıcı yolundaki folklorun özgün rolü, edebiyata katılımı, kendi tarzının ve kişiliğinin oluşumu, yazarın folklorik motiflerle elde ettiği sanatsal başarılar anlatılıyor.

3. G. Musirepov'un kurgu eserlerinde folklorik türlerin geliştirilmesinde yenilikçi arayışı, folklorik konuların kullanımının bireyselliği, ulusal bir karakterin oluşumuna yönelik içe dönük yaklaşımlar analiz ediliyor.


4. Yazarın eserlerindeki etno-folklorik motiflerin önemi, modern küreselleşen süreçte nesli ulusal ruhla eğitmenin bir yolu olarak incelenmiştir.

5. G. Musirepov'un kurgu eserlerinde mito-poetiğin modern dünya görüşü açısından yorumlanması, metinlerarasılık biçimleriyle belirlenir.

Araştırma çalışmasının yapısı ve kapsamı, tez çalışmalarının gerekliliklerini karşılamaktadır.

Tezin bölümlerinin ve noktalarının mantığı birbiriyle yakından ilişkilidir ve birbirini tamamlar. Hem tezin konusu hem de içeriği, G. Musirepov'un kurgu eserlerindeki folklorik motiflerin analizine yöneliktir. Böylece tez uzmanı belirlenen hedefe ulaşmıştır. Bilimsel araştırmanın tarzının açık, dilinin anlaşılır olması alana getirdiği bilimsel yenilik konusunda okuyucuda şüphe uyandırmıyor.

Tezi okuyup tartıştıktan sonra aşağıdaki sonuçları çıkardık:



1. Bilimsel araştırma ("Gabit Musrepov'un kurgu eserlerindeki folklorik motifler») doktora tezlerinin gerekliliklerini tam olarak karşılamaktadır.

2. Araştırma çalışmasının özünü, teorik, pratik değerini değerlendirirken, halkın savunmasına yönelmenin mümkün olduğunu düşünüyorum.

3. Eserin yazarı Obaeva Gulnara Saduakasovna, 6d020500– filoloji uzmanlığında Felsefe Doktoru (doktora) derecesini almaya layık olduğunu düşünüyorum.

Uluslararası Bilimsel Danışman,
Kastamonu Üniversitesi
profesör, Doktora



Обаева Гульнара Садуакасовнаның 6D020500–Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің

ПІКІРІ

Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы фольклор мен жазба әдебиет арасындағы байланыс мәселелерінің теориялық аспектілері аясында қазақ әдебиетінің классигі жазушы Ғабит Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді айқындауға арналған.

Әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс терең де сан қырлы. Фольклор халық шығармашылығы ретінде қаламгерлердің шабыт көзі болып саналады. Көптеген әдеби шығармалар өз сюжетін, мотивтерін, образдарын, символдарын фольклордан алады. Көбінесе көркем шығармалар халық ертегілерінің, аңыздарының, мифтерінің немесе балладаларының интерпретациясы немесе модернизациясы боп келеді. Әдебиет өз кезегінде фольклорлық мұраны сақтаушы, жеткізуші рөлін атқарады, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды мәңгілікке жалғастыруға мүмкіндік береді. Әдебиетте әр түрлі жанрлар мен дәуірлердегі шығармаларға еніп жатқан халық даналығының, дүниетанымы мен мәдениетінің көрінісін жиі көруге болады. Олай болса, әдебиет пен фольклор арақатынасы жеке және ұжымдық шығармашылықтың, өткен мен бүгіннің диалогының бір түрі. Олар бір-бірін толықтырып, мәдени ортамызды байытып, халықтың тарихы мен рухани құндылықтарын түсінуге көмектеседі.

Әр дәуірдегі әдебиеттің фольклорға бет бұруының өзіндік, күрделі, тарихи шартты заңдылықтарын ашу қазіргі ғылымның ең маңызды міндеттерінің бірінен саналады. Осы байланыстың даму динамикасын анықтау, қазақ әдебиеті дамуының әр кезеңіндегі жазушылар фольклоризмінің нақты мазмұнын оқып-үйрену де маңызды міндеттердің бірі.

Кәсіби жазба әдебиет қалыптасуының алғашқы жылдарындағы прозаның халықтық негізі фольклорлық дереккөздермен тығыз байланыста болды. Жазушылар халық шығармашылығының демократиялық мотивтерін кеңінен қолданды, бірінші кезекте халықтың ғасырлар бойғы арман-мұратын паш ететін өткір әлеуметтік идеямен суарылған сюжеттерге иек артты. Осы проблема аясында бүгінгі әдебиеттану ғылымында соңғы кезде жүйелі зерттеулер жасалуда, сөйтіп өз алдына бір дербес ғылым тармағының өзекті мәселесі ретінде күн тәртібінен маңыздылығы бір де бәсеңдемейтін зерттеу объектісі боп қалыптасты.

Түптеп келгенде, фольклор – адамзат баласын біріктіретін мәдени тұтастық жүйесі ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың этникалық ерекшеліктерін, дүниетанымын айқындайтын философиялық-адами құбылыс. Ал дәстүр - бұл оның ұрпақтан-ұрпаққа, негізінен ауызша түрде берілетін өзіндік ерекшелігі, көркемдік тәжірибесі. Әдеби дәстүр ұғымы фольклор ұғымынан түбегейлі ерекшеленеді: әдебиеттануда мәтін поэтикасы болса, фольклорда дәстүр поэтикасы бар. Сондықтан фольклорлық дәстүрді баяндайтын әдеби көркем шығарма сананың екі түрінің, екі мәдениеттің, екі

поэтиканың өзара тығыз, әрі қарқынды байланысу өрісіне айналады.

Докторант Обаева Гульнара Садуакасовна диссертациялық зерттеуде осы екі көркемдік жүйенің өзара ықпалының историографиясын теориялық тұрғыдан айқындап, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің әдеби шығармаларының поэтикалық құрылымындағы фольклор үлгілерінің трансформациялану болмысын әдебиеттану ғылымы заңдылықтары аясында қарастырған. Зерттеу аясында фольклорлық мотивтердің әр түрлі түрлері қарастырылған: мифологиялық, ертегілік, эпикалық және т.б. Фольклорлық мотивтерді қолданудың жалпы тенденциялары мен олардың мәдени мұраға тигізетін әсерін анықтау мақсатында жазушының прозалық және драмалық шығармаларын талдап, тақырыпты жан-жақты ашқан.

Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар жазба әдебиеттегі фольклоризмдерді зерттеудің маңызын, бүгінгі әдебиеттану ғылымында күн тәртібінен түспейтін өзектілігін айқындай түседі. Осы орайда жазушы өмірбаянына, оның жеке мұрағатына үңіле отырып, ол туралы зерттеулердің мазмұнына барлау жасай отырып, жазушы шеберлігінің бастау бұлағы, қайнар көзі халық әдебиеті дәстүрінен терең сусындаған сырында екені дәлелденген.

Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді зерттеу Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және зерттеу тұрғысында да үлкен өзектілікке ие.

Ғылыми зерттеу жұмысы өте өзекті, мазмұнды, заманауи тақырыпқа арналған. Зерттеменің өзектілігінің себептері төмендегідей:

1. Фольклоризм ұғымы тарихнамасын жүйеленіп, қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклор мен әдебиет байланысы түрлерінің Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы қолданысы айқындалады.

2. Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық жолындағы, оның әдебиетке келудегі, өзіндік стилі мен даралығын қалыптастырудағы фольклордың өзіндік рөлі көрсетіліп, фольклорлық мотивтер арқылы жазушының қол жеткізген көркемдік жетістіктері сипатталады.

3. Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық жанрларды, фольклорлық сюжеттерді пайдалану даралығын, ұлттық характер қалыптастырудағы интроспективті тәсілдерді игерудегі жаңашыл ізденістері талданады.

4. Жазушы шығармаларындағы этно-фольклорлық сарындардың бүгінгі жаһандану үрдісіндегі ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің құралы ретіндегі мән-маңызы зерделенген.

5. Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы мифопоэтиканың жаңаша жаңғырып, заманауи дүниетаным тұрғысынан интерпретациялануы интермәтінділік формалары арқылы анықталады.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі диссертациялық еңбектерге қойылатын талаптарға жауап береді.

Диссертацияның тараулары мен тармақтарының қисыны өзара тығыз байланысып, бірін-бірі толықтырады.

Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да Ғ.Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтерді талдауға бағытталған. Қорыта айтар болсақ, диссертант алдына қойған мақсатына жеткен. Зерттеудің ғылыми стилі айқын, тілі сауатты, ғылыми жаңалығы күдік тудырмайды.

Диссертацияны оқып, талқылап, төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Ғылыми зерттеме («*Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер*») докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
2. Зерттеу жұмысының мән-мазмұнын, теориялық, практикалық құндылығын бағалай келе, көпшілік алдында қорғауға жіберуге болады деп санаймын.
3. Еңбектің авторы Обаева Гульнара Садуақасовна, 6D020500– филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
Кастомону университетінің
профессоры, PhD


Орхан Сөйлемез

ORHAN SOYLEMEZ
PH.D.
KASTOMONU UNIVERSITY
FACULTY OF LETTERS
DEPARTMENT OF TURKISH LITERATURE